

Есепке салар малыңды, Солдат қылар ұлыңнан, Көрерсің әлі құлыңнан.

«Айтыста» прецедентті айтылымдар даяр қалпында да, өзгертіліп те қолданылғаны байқалады. Қой асығы демеген қолайына, Жағып кетсе ел-дағы сақа қойған; Өз етігің тар болса дүниенің Кеңдігінен көрмесің дәнеңені; Көрпеңе шақта, аяқты соза берме, т.б.

Поэманың тіл ерекшеліктерінің бір парасы осындай.

Жалпы алғанда, С. Торайғыров «өзін тұтас ұлттың бөлшегі... Егер бұл бөлік әрекетсіз жатса, милләтке жасалған опасыздық болмақ. Ендеше ұлтын қадірлеген адам жан-жақты оқып, жүйелі һәм жоспарлы іс-әрекет жасауы қажет» [1,159] деп ойлаған жан, сондықтан өз поэмасында халқының жақсысын да, жаманын да ашық айтып, болашақ жағымсыз нәрселерден сақтандыруды парызы санайды.

Осылай, «жан-жақты оқып, жүйелі һәм жоспарлы іс-әрекет жасаған» Жандос Қожахметұлы Смағұлов та ұлттық әдебиеттану ғылымының тарих алдындағы кезеңін, пайда болу, қалыптасу және даму жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып, өзінің соны ойларымен еуропацентристік тұжырымдарға қарсы шықты; ғылыми әлеуетін толық танытып, ұлттық әдеби сынына қатысты бірнеше монография, көптеген мақалалар жариялады; өскелең ұрпақтың болашағы үшін алаңдап, оқулық, оқу құралдарының мазмұны мен құрылымына қатысты өз ойларын білдірді; қазақ филология ғылымына жаңа үлгідегі мамандар даярлады және осы аталған еңбегін әрі қарай да жалғастыратынына бек сенімдіміз..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ БАУЛУ

*Бакирова И.Д., Ахметжанова У.А.,
Дене мәдениеті және спорт факультеті
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс европалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды.

Ал Қазақстан - әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан халықтық педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы бар.

Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан оқушылардың ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы

тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Біз жұмысымызда егемендікпен қоса келген «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарымен байланысты «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» анықтап, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мазмұны мен бағыттарын айқындадық.

Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде, қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық тәрбие беруде қазақ этнопедагогикасы оқушылардың рухани азығына айналып отыр [1, 187].

Қазақтың патриоттық-отансүйгіштік тәрбиесі - тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісін білдіретін дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен ақыл қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Сайып келгенде, оқушыларды ұлттық тәрбие негізінде жан-жақты жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы», құзыреті жоғары маман етіп тәрбиелеу қажет. Біздің зерттеуіміздің өзегі болып отырған қазақ этнопедагогикасының негізінде патриотизмге тәрбиелеу осы пайымдаулардан өрбиді. Мұндай көккейкесті ізгі мақсатты іске асыру жолында мынадай тәрбиелік ұстанымдар басшылыққа алынды:

Біріншіден, күні ертең болашақ маманның елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру. Бұл алдымен, қадірлі қариялардың, көпке сыйлы үлкендердің бата-тілектерінде, ырым-жоралғыларында өзекті орын алады.

Екіншіден, оқушыларды еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы ой-пікірлер қазақтың халық шығармашылығында мол кездеседі.

Үшіншіден, «бірінші байлық - денсаулық»-деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулығына ерекше мән берген. «Тәні саудың - жаны сау!», «Ауру - астан», «Тән жарасы мен жан жарасы - егіз», - деп дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Төртіншіден, халқымыз этнопедагогикасының ықпалы арқылы ұрпақ бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді орнықтыруға парасат иесі етіп тәрбиелеуге ұмтылған, ізгілікке, адалдыққа, ар - ожданға қастерлеуге, уәдеге берік болуға тәрбиелеген. «Жаным - арымның садағасы», «Жан сақтама, ар сақта», «Тәні сұлу - сұлу емес, жаны сұлу -сұлу»- деп арды, адалдық пен қасетті бәрінен жоғары қойған.

Бесіншіден, патриоттық сезімнен ажыратып алғысыз гуманизм этнопедагогикалық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан отбасынан басталады» деген даналыққа ұйыған халқымыз ұрпағын ата-ананы, үлкендер мен кішілерді құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға үндеген. Алтыншыдан, «Білім - таусылмас кен, өнер - өлмес мұра», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Оқу - білім бұлағы, Білім - өмір шырағы» т.б. көптеген мақал - мәтелдер тудырған халқымыз осынау құндылықтар - өнер мен ғылым тіршіліктің тұтқасы, өмір шамшырағы деп білген. Сондықтан халқымыздың өте бай ауыз әдебиеті нұсқаларындағы мақал-мәтелдердің мән-мағынасын өскелең, ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіріп отыру қажет.

Жетіншіден, адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Бүкіләлемдік тіршіліктің құдреттің төрт түрі бар. Олар: Күн - ана, Жер - ана, ауа мен су. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан да адамзат күнді, жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді [2, 234].

Біз зерттеу жұмысымызда жеке тұлғаның өзіндік мінез-құлқы мен оның жеке психологиялық ерекшеліктерін, көптеген басқа да әлеуметтік факторлардың ықпалын ескере отырып, қазақ этнопедагогикасы негізінде оқушылардың патриоттық тәрбиелілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін құрылымдық жүйе ретінде қарастырып әзірледік (кесте 1).

Бұл істердің жүзеге асуы оқушылардың оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас

тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі жіктемесін мақсатты түрде таңдап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Осы өлшемдер мен көрсеткіштер негізінде зерттелетін қасиеттердің қалыптасу деңгейлері анықталды: төмен, орта, жоғары.

1. Төмен деңгей: қазақ этнопедагогикасына деген қызығушылығы, құрмет сезімі бар, оның патриотизмді қалыптастыруға дұрыс ықпалының бар екенін және ұлттық мәдениетті игерудегі маңыздылығын жете түсінбейді. Когнитивтік, мінез-құлықтық компоненттерін меңгермеген.

2. Орта деңгейі: қазақ этнопедагогикасына ерекше құрметпен қарайды, оны оқып-үйренуге қызығушылығы бар, құнды идеяларды дұрыс қабылдай алады, оның патриотизмді қалыптастыруға дұрыс ықпалының бар екенін және ұлттық мәдениетті игерудегі маңыздылығын түсінеді, қазақ этнопедагогикасы туралы білімі үстірт, патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм туралы түсінігі нақты емес, патриоттыққа, елжандылыққа баулудың қазақ этнопедагогикасындағы халықтық дәстүрлер мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті туралы білімі жеткіліксіз, мінез-құлықтық компоненттің кейбір элементтерін ғана меңгерген.

Кесте 1 – Қазақ этнопедагогикасы негізінде оқушылардың патриоттық тәрбиелілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер Өлшемдер Көрсеткіштер

Мотивациялық Қазақ этнопедагогикасына деген саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну қазақ этнопедагогикасына ерекше құрметпен қарау;

қазақ этнопедагогикасын оқып-үйренуге қызығушылықтың болуы;

қазақ этнопедагогикасындағы құнды идеяларды дұрыс қабылдай алуы;

қазақ этнопедагогикасының патриотизмді қалыптастыруға дұрыс ықпалының бар екенін жете түсінуі;

қазақ этнопедагогикасының ұлттық мәдениетті игерудегі маңыздылығын түсінуі.

Когнитивтік Қазақ этнопедагогикасы туралы білімнің және патриоттық сана-сезімнің болуы қазақ этнопедагогикасының қалыптасу, даму тарихы туралы білімі;

қазақ халық шығармашылығының мазмұндық ерекшеліктері туралы білімі;

қазақ этнопедагогикасының тәлім-тәрбиелік идеялары туралы білімі;

патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм туралы түсінігінің болуы;

патриоттыққа, елжандылыққа баулудың қазақ этнопедагогикасындағы халықтық дәстүрлерін игеруі;

қазақ этнопедагогикасындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін игеруі.

Мінез-құлықтық Қазақ этнопедагогикасын патриоттық іс-әрекетте қолдану білігі ұлттық мәдени шараларға, үйірмелерге, спорт секцияларына, этномәдениет орталықтарына қатынасуы;

қазақ этнопедагогикасының негіздерін күнделікті іс-әрекетінде қолдану;

қазақ халқының мүддесін қорғай білуі;

іс-әрекетінде қазақ халқының патриоттық құндылықтарын белсенді және саналы түрде қолдануы.

3. Жоғары деңгейі: қазақ этнопедагогикасына ерекше құрметпен қарайды, оны оқып-үйренуге қызығушылығы жоғары, құнды идеяларды саналы қабылдай алады, оның патриотизмді қалыптастыруға дұрыс ықпалының бар екенін және ұлттық мәдениетті игерудегі маңыздылығын жете түсінеді, қазақ этнопедагогикасы туралы білімі айтарлықтай терең, патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм туралы түсінігі жоғары, патриоттыққа, елжандылыққа баулудың қазақ этнопедагогикасындағы халықтық дәстүрлер мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті туралы білімі жеткілікті, оларды күнделікті іс-әрекетінде қолдана біледі [3, 227].

Осылардың барлығы оқушылардың патриоттық тәрбиелілігінің даму деңгейлері мен өмірдегі әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез-құлықтарын көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

Сонымен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры оқушылардың патриоттылыққа

бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір оқушының дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді. Оқушылардың бойында патриотизмнің белсенді немесе баяу дамуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне, мотивтеріне байланысты.

Сөйтіп, біздің зерттеуіміздің көзқарасы тұрғысынан алғанда, оқушыларға қазақ этнопедагогикасы негізде патриоттық тәрбие беру сапасын анықтайтын өлшемдердің жиынтығы, біріншіден тәрбиеліліктің мотивациялық ком-понентімен байланысты болып, қазақ этнопедагогикасына деген саналы көзқарасымен, оның қоғамдық мәнін түсінумен, өмірде қажеттілігін сезінуімен сипатталады. Екіншіден, зерттеліп отырған тәрбиеліліктің когнитивтік компоненті қазақ этнопедагогикасы туралы теориялық, әдістемелік, ғылыми білімдерінің кешенді жиынтығы және патриоттық сана-сезімнің болуы қаралып отырған процестің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Үшіншіден, мінез-құлық компоненті оқушылардың тәлім-тәрбиелік қызметі барысында жүзеге асырылатын халықтық мінез-құлық, менталитет арқылы патриоттық тәрбиеліліктің практикалық білігі мен дағдыларын меңгеруде көрініс табады [4, 228].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2001. (Авторлық бірлестікте). – Б. 207.
2. Қазақ этнопедагогика құндылықтарын патриоттық тәрбиеге қолдану. // Экологияның өзекті мәселелері: III халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Т.2. - Қарағанды: ҚарМУ, 2004. - Б.274.
3. Қазақ мемлекетінің идеологиясында жастарға патриоттық тәрбие беру // Білім саласындағы инновациялық технологиялар. Қазіргі кездегі дамуы және келешегі: Республикалық ғылыми-методикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2005. - Б.250.
4. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру // Моделирование профессиональной деятельности в условиях информационной инфраструктуры: Сборник научных трудов. - Караганда, 2005. - С.305.

ҰЛТ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚҚА ҚЫЛҒАН ҚЫЗМЕТІ

*Бейсенбекова Н.А, т.ғ.к., доцент,
Акпар А., магистрант*

«Қазақтың хандарда хақысы кетті,
өмірімнің соңына дейін қазаққа қызмет етемін»
Әлихан БӨКЕЙХАНҰЛЫ

XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы – Әлихан Бөкейханұлының дүниеге келгеніне биыл 150 жыл толып отыр. Әлихан Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келді. Бұл кез отаршылдық саясат салдарынан қазақ халқы ғасырлар бойғы қалыптасқан көшпенділердің дәстүрлі рулық-қауымдық қатынастарынан, жерінен де, оны пайдалану құқынан да ажырай бастаған, көшпенділердің байырғы құндылықтары шеттетіліп, жаңасы қалыптаса қоймаған алмағайып кез еді. Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебін ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбірлік орната алмауынан көреді.

Санкт-Петербург университетінде білім алып, Омбыға келген күннен бастап Әлихан Бөкейханұлы қоғамдық саяси өмірге белсене аласып кетеді. Әуелі, Омбының «Степной край» газетінде қызмет істеген ол, газет редакциясында қызмет істей жүріп, қазақ балаларына арналған төменгі орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен сабақ бере бастайды.